

Ермухаметова С.Р.,
Тұрғанбек А.Қ.

**Темір жол көлігімен
тасымалдаудың кейбір
сұрақтары**

Ermuhametova S.R.,
Turganbek A.K.

**Some questions
on transportation by rail**

Ермухаметова С.Р.
Турганбек А.К.

**Некоторые вопросы перевозки
железнодорожным
транспортом**

Ғылыми жұмыстың мақсатына сәйкес темір жол көлігімен тасымалдау шарттарына құқықтық жағдайына талдау жүргізілді. Зерттеу барысында темір жол көлігімен тасымалдау шарттарының жасалуының ерекшеліктеріне қарай тараптардың құқықтық жағдайы салыстырмалы талданады.

Түйін сөздер: темір жол көлігі, шарт, жүк жөнелтуші, өтінім.

The article considers legal regulation rail transportation contract. During the study examines the legal status of the parties and the procedure for the conclusion of the contract.

Key words: railway transport, consignor, application.

В статье рассматриваются вопросы правового регулирования договора перевозки железнодорожным транспортом. В ходе исследования рассматриваются правовое положение сторон и порядок заключение договора.

Ключевые слова: железнодорожный транспорт, грузоотправитель, заявка.

**ТЕМІР ЖОЛ КӨЛІГІМЕН
ТАСЫМАЛДАУДЫҢ
КЕЙБІР СҰРАҚТАРЫ**

Азаматтық құқықтың өзекті мәселелерінің бірі – тасымалдау шарттарын жасау. Қазіргі кезде тасымалдау азаматтық айналымда көп қолданылғанымен одан туындайтын түрлі құқықтық мәселелер аталған тақырыпты зерттеуді қажет етеді. Біздің алдымыздағы негізгі мақсат егеменді елімізде қалыптасып жатқан нарықтық қатынастардың талабына жауап беретін көлік заңдарымызды үнемі жетілдіріп отыруымыз қажет.

Тасымалдау шарты күнделікті өмірімізде, тұрмысымызда жиі қолданылатын шарт. Бұл шарттың тиімділігі көлік құралы арқылы мүлікті немесе жолаушыларды бір жерден екінші жерге жетуге деген қажеттілігін қанағаттандыруы. Жалпы көлік міндеттемелері жүктерді, жолаушыларды және теңбе жүктерді тасымалдау үрдісінде пайда болатын міндеттемелер. Мұндай міндеттемелердің ерекшелігі материалдық емес сипаттағы қызметтің көрсетілуі. Біз заңнамаларымызда әлі күнге дейін жүк және теңбе жүк терминдерінің қолданылатындығы, бірақ оларды бір-бірінен ажырату критерийлерінің жоқтығын және көлік туралы заңда осы терминдердің нақтылануы қажет деп санаймыз.

Біз әртүрлі көлік түрлерінің ішінде темір жол көлігімен тасымалдау шарттарының ерекшеліктерін қарастырудың маңыздылығы, бұл көлік түрімен жүктерді тасымалдаудың басым бөлігінің темір жолмен тасымалдануы, оның қызмет көрсету аясындағы көпқырлылығы және олардың тауар нарығындағы бәсекеқабілеттілігі арқылы түсіндіріледі. Темір жол көлігімен тасымалдауды дамыту бүгінгі күні халықаралық сауданы дамытудың бірден-бір негізі. Көлік қатынастарын дамыту арқылы ұлттық көлік жүйесімен көлік үрдісіне қатысушылардың өзара қатынастарын реттеу жүзеге асырылады. Бүгінгі біз қарастырып отырған мәселе де темір жол жүйесімен тасымалдау қатынастарын құқықтық реттеуге саралау.

Темір жол көлігімен тасымалдау шарттары бүгінгі күні тасымалдаудың негізін қалыптастыра отырып, көптеген күрделі мәселелерді шешуді қажет етеді. Ең алдымен негізгі мәселе болып табылатын тасымалдау шартының сипатын анықтау. О.С. Иоффе тасымалдау шартындағы бір тарап жүк жөнелтуші мен жүк алушы, ал екінші тарап тасымалдаушы

деген тұжырымды қолдаса, М.Е. Ходунов тасымалдау шартын үшінші жақ мүддесі үшін жасалынатын шарт ретінде санайды және жүк жөнелтуші мен жүк алушыны бір тарап ретінде қарастырмайды.

Сонымен қатар цивилистика ғылымында пікірталас тудырып отырған мәселе жүкті тасымалдау шарттарының екі немесе үшжақтылық мәселесі. Біз қарастырып отырғандай бір жағынан үш жақты шарт ретінде қарастыруға болады, себебі шартта жүк жөнелтуші, тасымалдаушы, жүк алушы көрсетіледі. Ал, кейбір пікірлер бойынша екі жақты шарт, себебі қандай тасымалдаушы болмасын жүкті тасымалдаған кезде қызметі үшін есеп айырысуды кім жүкті тасымалдауға тапсырыс берсе, сол тұлғамен жүргізеді.

Жүк тасымалдау шартына сәйкес тасымалдаушы жүк жөнелтуші өзіне сеніп тапсырған жүкті оның тасымалдау талаптарын сақтай отырып, баратын темір жол станциясына дер кезінде әрі сол күйінде жеткізіп беруге және жүк алушыға тапсыруға міндеттенеді, ал жүк жөнелтуші (жүк алушы) жүк тасымалына ақы төлеуге және оны қабылдап алуға міндеттенеді. Сондықтан негізінен шартты көлік ұйымы мен жүк жөнелтуші жасайды. Егерде жүкті жеткізгеннен кейін жүк сол жүк жөнелтушіге берілетін болса, міндеттеме қатысушыларының шеңбері осымен шектеледі. Бірақ көбіне жүк алушы ретінде үшінші тұлғалар көрсетіледі, олар жүк жөнелтушінің контрагенттері және оған жүк жеткізу орнында беріледі. Жүк алушы құқықтық қатынастың қатысушысы болып табылады.

Жүк тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарт бойынша тасымалдаушы жүкті белгіленген мерзімдерде қабылдауға, ал жүк жөнелтуші жүкті тасымалдауға келісілген көлемде тапсыруға міндеттенеді.

Жүк тасымалдауды ұйымдастыру туралы шартта тасымал көлемдері, мерзімдері, сапасы, көлік құралдарын берудің және жүктерді тасымалдауға ұсынудың талаптары белгіленеді.

Жүк жөнелтуші жүкті тасымалдауға ұсынған кезде тасымалдаушыға әрбір жөнелтілім үшін темір жол көлігі жүк құжатын, ал Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген қажетті жағдайларда өзге де құжаттарды тапсыруға міндетті. Тасымалдаушы мен жүк жөнелтуші жүйелі түрде тасымалдауды жүзеге асыру қажет болған кезде тасымалдауды ұйымдастыру туралы ұзақ мерзімді шарт жасауы мүмкін.

Біз аталған міндеттемелердің пайда болу негізі ретінде шартты АК-ке сәйкес қарасты-

рамыз. Біздің ойымызша, темір жолмен тасымалдау қатынастарының пайда болу негіздері жүк жөнелтушінің өтінімі. Жүк иесі мен тасымалдаушы арасындағы тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарттарының пайда болу негізі түрлі заңи құрам болады, яғни жүк тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарт және жүк жөнелтушінің өтінімі.

Барлық басқа азаматтық-құқықтық шарттар сияқты тасымалдау шарттары бар жағдайда шартқа қол қою арқылы жасалмайды. Керісінше екі түрлі жасалуы мүмкін. Қол қою біріншіден, жүк жөнелтушінің өтінімі, екіншіден, көлік накладнойы. Егерде өтінім негізінде шарт жасалатын болса, көбіне алдын ала шарт ережелері қолданылады.

Е.А. Суханов темір жол көлігімен тасымалдау шарттарын шарттық негізде пайда болатын міндеттемелер ретінде қарастыра отырып, эксплуатанттардың, яғни меншік құқығындағы көлік құралдары бар тұлғалардың мүлкіті жалдау немесе өзге де заңды негізде көлік қызметтерін көрсету қазіргі кезде кең көлемде дамып келе жатқандығын атап өтеді. Бірақ бұл көлік жұмысына мемлекеттің әсер етуінің толық күшін жою дегенді білдірмейді, егерде ол монополиялық жүйелер санатына жататын болса.

Бұл «Темір жол көлігі туралы» 2001 ж. 8 желтоқсандағы № 266-ІІ Қазақстан Республикасының Заңында магистралдық темір жол желісінің бірыңғай мүлкітік кешенін сақтау нысанында бекітілген. Кез келген мәміле бойынша қарастырылатын міндеттеме белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталады және өзіне тән элементтер жиынтығын, яғни субъектісін, объектісін және мазмұнын қамтиды. Міндеттеменің мақсаты жалпы және арнайы болуы мүмкін. Міндеттеменің арнайы мақсаты экономикалық және құқықтық болады. Экономикалық мақсат міндеттемені орындау арқылы экономикалық материалдық нәтижеге қол жеткізу. Біз қарастырып отырған міндеттемеде жүктің аумақтық жағдайын өзгерту жүкті тасымалдау үрдісінің экономикалық мақсаты болып табылады. Құқықтық мақсат міндеттемеге түсе отырып, тараптар құқықтық нәтижеге ұмтылады. Ал, тасымалдау міндеттемесіндегі құқықтық мақсат жүкті шартта көрсетілген тұлғаға беру және шартта көрсетілген мекенге жеткізу.

А.П. Сергеевтің пікірінше, жүктерді тасымалдау тасымалдаудың негізгі ережелеріне келісу деп қарастырады және бұл ережелерге тасымалдауға қажетті көлік құралдарының саны

мен мерзімі, тасымалданатын жүктің көлемі мен сипаты жатады. Мұндай келісімнің негізгі мақсаты нарық талаптарына жауап беретін тасымалдау құралдарын тиімді және экономикалық тұрғыда пайдалану деп қарастырған. Тасымалдау шартының құқықтық сипаттамасы көптеген жылдар бойы даулы мәселелердің бірі ретінде қарастырылып келеді. Кейбір авторлар тасымалдау шартын қосылу шарты ретінде қарастырады және көлік ұйымы тасымалдау саласында монополист болып табылады. Көлік қызметін қажет ететін тұлғалар өзінің жағдайын басымдырақ етуге тырысады, ал клиенттер көлік ұйымы ұсынған жағдайларға қосылады.

Сонымен қатар жүктерді тасымалдау шарттары нақты шарттар ретінде теорияда қатаң пікір қалыптасқан. Азаматтық кодекстің 393-бабының 2-тармағында нақты шарттың жасалу кезі туралы айтылған. Шарттардың көпшілігі консенсуалдық болып табылады, (лат, consensus – келісім), яғни оларды жасау үшін ол жайында келісім болса жеткілікті.

Бірақ, кейбір шарттар (мысалы, сыйға тарту, сақтау, заем, жүк тасымалдау) шарт нысаны

берілген кезден бастап қана жасалынады деп саналады. Мұндай шарт нақты (лат, res – зат) деп аталады, ол заң актілерінде бекімін табуға тиіс. Шарттың консенсуалдық немесе нақты сипаты, әдетте, шарттың анықтамасының өзінде көрсетіледі.

Дегенмен, шарттың консенсуалды қатынастар моделін пайдалану мүмкіндігін қарастыруға болады. Оның мазмұны жүкті тиісті жерге жеткізу талаптары ғана емес, сонымен қатар көлік құралдарын беру туралы талаптары да болады. Бұдан шығатын қорытынды темір жол заңнамаларында жүктерді тасымалдау шарттарының консенсуалды шарт түрінде де жасау мүмкіндігін қарастыру. Яғни консенсуалды шарт болған жағдайда тараптардың көлік құралдарын ұсынбағаны немесе ұсынған көлік құралын пайдаланбағаны үшін жауапкершілігі болады. Қорыта келе тасымалдау шарттарын жасау кезінде тараптардың мүдделерін қорғау мақсатында жүктер мен теңбе жүктердің анықтамасын заңды түрде бекіту қажет деп санаймыз. Сонымен қатар жүктерді тасымалдау шарты екі жақты шарт деп санаймыз.

Әдебиеттер

- 1 Темір жол көлігі туралы 2001 ж. 8 желтоқсандағы № 266-II Қазақстан Республикасының Заңы.
- 2 Гражданское право. В 2 т. Том II. Полутом 2: учебник / отв. ред Е.А. Суханов. – М.: Издательство БЕК, 2003.
- 3 Гражданское право: учебник. Часть II / под. ред. А.П. Сергеева, Ю.К. Толстого. – М.: «Проспект», 1998.

References

- 1 Temir zhol keligi turaly 2001 zh. 8 zheltokсандary № 266-II Kazakstan Respublikasynyn Zany.
- 2 Grazhdanskoe pravo. V 2 t. Tom II. Polutom 2: uchebnik / otv. red E.A. Suhanov. – M.: Izdatel'stvo BEK, 2003.
- 3 Grazhdanskoe pravo. Uchebnik. Chast' II / Pod. red. A.P. Sergeeva, Ju.K. Tolstogo. – M.: «Prospekt», 1998.